

Еркін сауда аймағындағы техникалық тосқауылдар жөніндегі келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 11 наурыз N 340

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының

халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679

U 9 5 2 6 7 9 _

заң күші бар Жарлығының 16-бабы

1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 20 маусымда Мәскеу қаласында жасалған Еркін сауда аймағындағы техникалық тосқауылдар жөніндегі келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

ресми расталған мәтін

**Еркін сауда аймағындағы техникалық
тосқауылдар жөнінде**

КЕЛІСІМ

Бұл Келісімге қатысушы мемлекеттердің Үкіметтері, бұдан былай Тараптар деп аталады,

1999 жылдың 04 маусымында қабылданған ТМД Үкіметтерінің басшылары Кеңесінің шешімін орындау жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттарын жүзеге асыруға жәрдемдесе отырып;

1993 жылғы 22 қаңтарда қабылданған ТМД Жарғысының ережелеріне негізделе отырып;

1994 жылғы Сауда және тарифтер жөніндегі бас келісімді және Дүниежүзілік сауда

ережелер мен мінездемелерді қамтитын нормативтік құжат;
халықаралық стандарт - стандарттаумен айналысатын халықаралық ұйым қабылдаған және тұтынушылардың көпшілігі қол жеткізе алатын стандарт;
мемлекетаралық стандарт - Тараптар қабылдаған, тұтынушылардың көпшілігі қол жеткізе алатын аймақтық стандарт;
ұлттық стандарт - тұтынушылардың көпшілігі қол жеткізе алатын, ұлттық Заңнама белгілеген тәртіпке сәйкес қабылданған Тараптың мемлекеттік стандарты;
сәйкестікті дәлелдеу - нәтижесінде өнімнің немесе қызметтің белгіленген талаптарға сәйкестігін куәләндыратын құжаттық куәлік болатын әрекет;
сәйкестігін міндетті түрде дәлелдеу - белгілі бір өнім немесе қызмет үшін Тараптардың Ұлттық Заңнамасы енгізген, бұл өнімнің немесе қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыздандыратын нормативтік талаптарға сәйкестігін тексеру үшін міндетті түрде жүргізілетін сәйкестікті дәлелдеу;
жеткізуші - өнімді іске асыру үшін ұсынатын және оның сапасы мен қауіпсіздігі үшін жауапты шаруашылық әрекет субъектісі;
мүдделі органдар - Стандартты немесе техникалық реттемелерді қолданатын немесе қолдану ниеті бар Тараптың шаруашылық әрекет субъектілері немесе атқарушы билік органдары .

2 - Б а п Техникалық реттемелер

Техникалық реттемелер - бұл:

- өнімге немесе өндіру әдістеріне және оған байланысты үдерістерге міндетті талаптарды белгілейтін Тараптың ұлттық нормативтік-хұқықтық актілері;
- Тараптардың ұлттық Заңнамаларына сәйкес өнімге немесе оған байланысты үдерістер мен өндіріс әдістеріне қойылатын, міндетті талаптарды белгілейтін мемлекетаралық, сонымен қатар ұлттық (мемлекеттік) стандарттар.

Тараптың әкімшілік - аймақтық бірлігі аймағында өмір сүретін халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, сонымен қатар қоршаған орта үшін зиянды ерекше климаттық және географиялық жағдайлар орын алған жағдайда мемлекеттік билік органдары немесе Тараптың әкімшілік-аймақтық бірлігінің билік органдары жалпы ұлттық деңгейде қабылданған техникалық реттемелермен салыстырғанда ұлттық заңнамаға сәйкес қосымша қатаң талаптар белгілеуге хұқылы.

3-Бап

Техникалық реттемелер мазмұнына қойылатын жалпы

талаптар

1. Техникалық реттемелер саудада:

- Ұлттық қауіпсіздік, оның ішінде экономикалық және өнеркәсіптік;

- азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау;

- қоршаған табиғи ортаны қорғау (жануарлар мен өсімдіктер

әлемі), табиғи ресурстар мен энергиямен қамтамасыздандыруды рационалды қолдану;

- алдау практикасын алдын алу (тауарлар мен қызметтер тұтынушыларын) олардың сапасы, қауіпсіздігі жайлы мақсаттарын қамтамасыздандыру үшін қажетті болған жағдайлардан басқа кездерде шектеу әрекеттерін қолданбауы керек.

2. Халықаралық стандарттар немесе олардың жобалары бұл мақсаттарды қамтамасыздандыра алмайтын жағдайлардан басқа кезде, Тараптар техникалық реттемелерді әзірлеу барысында негіз ретінде халықаралық стандарттарды немесе олардың жобаларын қолданады.

4-Бап

Техникалық реттемелерді әзірлеу үдерістеріне қойылатын жалпы талаптар

1. Тараптар жаңа техникалық реттемелерді әзірлеу немесе қолданыстағы реттемелерге өзгеріс енгізу барысында мүдделі Тараптар органдарының олармен танысуға мүмкіндігі болатындай ресми басылымдарда хабарлама жариялауға м і н д е т т е л е д і .

2. Жаңа техникалық реттемелерді әзірлеу немесе Тараптар саудасына әсер етуі мүмкін қолданыстағы реттемелерге өзгеріс енгізу барысында техникалық реттемені әзірлеуші Тарап Ақпараттық-анықтамалық орталық арқылы бұл реттеме (өзгеріс) қамтитын тауарлар жөнінде басқа Тараптарға хабарлайды, және техникалық реттеме, стандарт көшірмелерімен немесе бұл техникалық реттемені қабылдау негіздемесімен қамтамасыздандырады. Халықаралық стандарттарға сәйкес техникалық реттемелерді әзірлеу барысында тек сол сәйкестік жөнінде ғана мәлімет беріледі.

3. Мүдделі Тараптар техникалық реттемелерді әзірлеуші Тарапқа, осы баптың 1 тармағында көрсетілген, техникалық реттеме жобасы ресми басылымдарда

жарияланған күнінен бастап 3 айдан аспайтын мерзім ішінде жазбаша түрде ескертулер
ж і б е р е а л а д ы .

4. Төтенше жағдай (азаматтардың өміріне, денсаулығына, қауіпсіздігіне, қоршаған табиғи ортаға немесе ұлттық қауіпсіздікке қатер төнген жағдайда) кезінде техникалық реттемені жедел әзірлеу, қабылдау және қолданысқа енгізу қажеттілігі туындаған жағдайда техникалық реттемелерді әзірлеуші Тарап бұл мерзімде осы баптың 1 және 3 тармақтарының ережелерін орындаудан бас тартуға хұқылы.

Мұндай жағдайда Тараптар төтенше жағдайлар көрсетілген техникалық реттеменің әзірленуі жайлы хабардар етіледі, және жазбаша түрде ескертулерін жіберу мақсатында олардың сұрауы бойынша техникалық реттеме көшірмесі жіберіледі.

5. Тараптар техникалық реттемелердің бекітілуі (қабылдануы) және өз аймағында қолданысқа енгізілгені жайлы мәліметті оларды бекіткен (қабылдаған) күннен бастап екі жұма ішінде жариялайды.

Бекітілген (қабылданған) техникалық реттемелер қабылданған күннен бастап 30 күннен аспайтын мерзім ішінде жарияланады.

Техникалық реттемелерді бекіту (қабылдау) күні мен оларды қолданысқа енгізу күні аралығында мүдделі органдар ұсыныстары бойынша, техникалық реттемелерді бекітетін (қабылдайтын) мемлекеттік биліктің ұлттық органы анықтайтын, өнімге немесе оны өндіру әдістеріне қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін шараларды жүзеге асыру үшін қажетті уақыт мерзімі белгіленеді.

6. Техникалық реттемелерді қабылдау жағдайлары мен мақсаттары ғайып немесе өзгертін болса, Тараптар техникалық реттемелердің күшін жояды немесе оған өзгерістер енгізеді және бұл туралы мәліметті жария етеді.

7. Техникалық реттемелер, стандарттар, сәйкестікті бағалау процедуралары жайлы ақпарат және құжаттар орыс тілінде ұсынылады.

5 - Б а п

Ұлттық (мемлекеттік) техникалық реттемелер мен стандарттарға балама үшінші елдердің халықаралық және ұлттық техникалық реттемелері мен стандарттарын мойындау мүмкіндігі

1. Үшінші елдердің халықаралық және ұлттық техникалық реттемелері мен стандарттары келесі жағдайларда Тарап бекіткен (қабылдаған) техникалық реттемелерге балама бола алады:

бұл құжаттар ұлттық заңнама талаптарына қайшы келмеген жағдайда;
бұл құжаттардың қолданыстағы ұлттық (мемлекеттік) техникалық реттемелер мен стандарттарда көзделген мөлшерде мақсаттардың орындалуына жәрдемдескен жағдайда.

2. Үшінші елдердің халықаралық және ұлттық техникалық реттемелері мен

стандарттарының Ұлттық (мемлекеттік) техникалық реттемелер мен стандарттарға баламалығын мойындауды Тараптардың өнім немесе онымен байланысты үдерістер мен өндіру әдістері үшін міндетті талаптарды

белгілеуге құзыретті ұлттық атқарушы органдары жүзеге асырады.

6-Бап

Техникалық реттемелердегі стандарттарға сілтеме

Тараптар техникалық реттемелерді әзірлеу барысында негіз ретінде халықаралық және ұлттық (мемлекеттік) стандарттарға тұтас немесе ішінара сілтеме немесе мәтін келтіру арқылы халықаралық стандарттармен үйлесімді халықаралық және ұлттық (мемлекеттік) стандарттарды қолданады.

7-Бап

Техникалық реттемелерді және стандарттарды әзірлеу жұмыстарын үйлестіру

1. Тараптың ұлттық (мемлекеттік) атқарушы билік органдары бекіткен (қабылдаған) техникалық реттемелерді әзірлеу жұмыстарының бағдарламалары басқа мүдделі Тараптардың атқарушы билік органдарының барлығына жіберіледі.

2. 4 баптың 1 тармағына сәйкес қандай да бір Тарап техникалық реттемені әзірлеу жұмысының басталуы жайлы ресми ақпаратты жариялаған жағдайда, басқа Тараптар ұқсас техникалық реттемені әзірлеуден қалыс қалады. Сонымен қатар басқа Тараптарға бұл әзірлеу жұмысына қатысу мүмкіншілігі берілуі тиіс.

8 - Б а п

Саудадағы техникалық тосқауылдар саласында ақпараттық қ а м т а м а с ы з д а н д ы р у

1. Тараптар өз мемлекеттерінде біртұтас ақпараттық-анықтама орталықтарының құрылуын және дамуын көздеген шараларды жүзеге асырады. Ақпараттық-анықтама орталығы мүдделі органдардың, заңды және жеке тұлғалардың сұраулары бойынша:

- мемлекетте әзірленген немесе бекітілген (қабылданған) техникалық реттемелер мен с т а н д а р т т а р ғ а қ а т ы с т ы ;

- Тарап аймағында қолданылатын немесе қолданысқа енгізуі жоспарланған техникалық реттемелер мен стандарттардың сәйкестігін дәлелдеу процедурасына

қ а т ы с т ы ;

- мемлекеттің аймақтық стандарттау ұйымдарына немесе сәйкестікті дәлелдеу жүйелеріне, сонымен қатар бұл мәселелер жөніндегі екітарапты немесе көптарапты халықаралық келісімдерге қатысуына және мүшелігіне қатысты;

- бұл Келісімнің 4 бабында аталған хабарламалар жарияланатын басылымдарға қатысты мәліметті және құжаттар көшірмесін ұсынады.

2. Бұл Келісімнің 8 бабының 1 тармағында аталған мәселелер бойынша Тараптар анықтама ресурстарын қалыптастырып, оны әрдайым толықтырып отырады.

3. Бұл Келісімнің 8 бабының 1 тармағында аталған мәліметтерді және құжаттар көшірмесін ұсыну қызметі үшін Тараптар барлық пайдаланушыларға біркелкі төлем ақының белгіленуін қамтамасыз етеді (құжаттарды жеткізу шығындарын есептемегенде)

4. Тараптардың жазбаша ескертулерін қабылдау үшін, бұл Келісімде ескерілген жағдайларда, стандарттар және техникалық реттемелер жобалары оны әзірлеуші Тараптың ұлттық (мемлекеттік) ақпараттық-анықтама орталығы арқылы ұсынылады.

9 - Б а п

Сәйкестікті міндетті түрде дәлелдеу

1. Басқа Тарап аймағында өндірілетін өнімді жеткізушілерге қатысты әзірленіп, бекітілетін және қолданылатын сәйкестікті міндетті түрде дәлелдеу процедуралары ұқсас отандық өнімді жеткізушілер үшін де сондай болуы тиіс.

2. Сәйкестікті міндетті түрде дәлелдеу процедураларын белгілеу осындай процедуралар жөніндегі халықаралық ұсыныстарға сәйкес жүзеге асырылады. Бұл процедуралар жөніндегі халықаралық ұсыныстар болмаған жағдайда, сәйкестікті міндетті түрде дәлелдеу процедурасы бұл Келісімнің 4 бабының 1-7 тармақтарында ескерілген ережелер негізінде белгіленеді.

1 0 - Б а п

Сәйкестікті міндетті түрде дәлелдеу нәтижелерін мойындау

1. Сәйкестікті міндетті түрде дәлелдеу нәтижелерін мойындау процедураларын, сәйкестікті міндетті түрде дәлелдеу жұмыстарын ұйымдастырып, жүргізетін Тараптың ұлттық (мемлекеттік) атқарушы билік органдары анықтайды.

2. Үшінші елдердің сертификаттарын, сәйкестік белгілерін мойындау

Тараптың мемлекеттік атқарушы билік органы құзыретіне жатады.

3. Сәйкестікті міндетті түрде дәлелдеу және экологиялық және радиациялық қауіпсіздігін қоса гигиеналық, ветеринарлық және басқа

сәйкестікті мойындау жөніндегі басқа құжаттардың нәтижелерін мойындау мәселелерін әр Тарап өзі шешеді.

11-Бап

Тараптар субъектілері қабылдайтын техникалық реттемелер жайлы ақпарат

Тараптар субъектілері бұл Келісімнің 2 бабына сәйкес әзірленіп, қабылданған техникалық реттемелерді өздерінің ақпараттық-анықтама орталығына ұсынады.

12-Бап

Техникалық реттемелер мен стандарттарды Тараптар аймағында өндірілетін тауарларға қатысты қолдану режимі

1. Әр бір Тарап өз аймағында және басқа Тарап аймағында өндірілетін тауарларға біркелкі және бір дәрежелі техникалық реттемелер мен стандарттарды қолданады.

2. Техникалық реттемені немесе стандартты қабылдаған Тараптың мемлекеттік билік органы бұл техникалық реттеменің немесе стандарттың сауда үшін, оның ішінде халықаралық сауда үшін кедергі ретінде пайдаланылуы немесе пайдалану мүмкіндігі жайлы хабарлама алған жағдайда, ол мұндай пайдалануды келешекте болдырмас үшін төмендегідей шаралар қолданады:

қажетті жағдайда техникалық реттеменің немесе стандарттың ережелерін нақтылау;

еркін сауда аймағындағы кедергілерді барынша жою мақсатында техникалық реттеме немесе стандарт белгілеген шектеулерді қолдану тәртібіне және талаптарына баспасөзде ресми түсініктеме жариялау.

13 - Бап

Техникалық реттемелер мен стандарттар талаптарының орындалуын бақылау және қадағалау

1. Техникалық реттемелер талаптарының орындалуын мемлекеттік бақылау және қадағалау Тараптардың ұлттық заң актілері белгілеген тәртіп және талаптар негізінде жүзеге асырылады.

2. Тараптар бекіткен (қабылдаған) техникалық реттемелер талаптарының

орындалуын мемлекеттік бақылау және қадағалау өнімді өндіру, дайындау, қайта өндіру, сақтау өнімнің импорты мен экспорты туралы келісім-шарт жасасып, орындау пайдаланылған немесе пайдаланылмаған өнімді тұтыну (қолдану), жаңарту, жою және көму стадияларында жүзеге асады.

14 - Б а п Жұмыстарды қаржыландыру

Тараптардың ұлттық (мемлекеттік) атқарушы билік органдарының ақпарат ресурстарын құруы, техникалық реттемелер мен стандарттарды әзірлеуі, техникалық реттемелердің орындалуын мемлекеттік бақылауы және қадағалауы Тараптардың мемлекеттік бюджеттерінен бұл мақсаттарға бөлінген қаражат мөлшерінде қаржыландырылады. Сонымен қатар, мүдделі ұйымдар мен басқа бюджеттік емес қаржыландыру көздері қаражатының жұмсалуды да мүмкін.

15-Бап

Бұл Келісімнің басқа халықаралық шарттармен қатынасы

Бұл Келісім ережелері Тараптардың өзге халықаралық шарттарға сәйкес қабылданған хұқықтары мен міндеттеріне қатыссыз.

16-Бап

Күшіне ену тәртібі

Бұл Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, ал заңнамалары күшіне ену үшін мемлекет ішіндегі процедураларды орындауды талап ететін мемлекеттерде айтылған процедуралардың орындалуы жөнінде хабарламаның депозитарийге сақтауға беру күнінен күшіне енеді.

17-Бап

Өзгертулер мен толықтырулар

Тараптар келісімі бойынша бұл Келісімге бөлек хаттамалармен ресімделген өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Хаттамалар бұл Келісімде күшіне ену үшін белгіленген тәртіп негізінде

іске қосылады және Келісімнің айырылмас бөлігі болып табылады.

18-Бап

Дау мәселелердің шешілуі

Бұл Келісімді қолданумен немесе түсіндірмесімен байланысты туындаған дау мәселелері мүдделі Тараптардың кеңесі және келіссөздері арқылы шешіледі.

Дау мәселелері келіссөз арқылы шешілмеген жағдайда, Тараптар ТМД Экономикалық Сотының немесе басқа халықаралық құзыретті сот көмегін сұрайды.

19-Бап

Бұл Келісімнің қолданылу мерзімі

Бұл Келісім тұрлаусыз мерзімге жасасады.

20-Бап

Келісімге қатысудың тоқтатылуы

Әр бір Тарап Келісімнен шығу күнінен 6 ай бұрын депозитарийге бұл туралы жазбаша хабарлама жіберіп, Келісімнен шығуына байланысты пайда болған міндеттемелерді реттеп, бұл Келісімнен шыға алады.

Депозитарий бір айлық мерзім ішінде Келісімнен шығу туралы Келісімге қатысушылардың барлығына хабарлайды.

21-Бап

Келісімге басқа елдердің қатысуы

Қатысуы жайлы құжаттарды депозитарийге тапсыру арқылы, Келісім мақсаттары мен принциптерін қолдайтын, еркін сауда аймағына қатысушы басқа мемлекеттер бұл Келісімге қосыла алады.

2000 жылғы 20 маусым күні орыс тілінде бір шын данада жасалды. Шын дана ТМД Атқарушы комитетінде сақтаулы. Бұл Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке Атқарушы комитет шын дана көшірмесін жібереді.

"Еркін сауда аймағындағы техникалық тосқауылдар"
жобасына Өзбекстан Республикасының
ескертулері

6 бап келесі мазмұнда жазылсын:

"Техникалық реттемелерді әзірлеу барысында Тараптар белгіленген тәртіп бойынша халықаралық талаптарға сәйкес үйлесімділігін қамтамасыз етеді".

7 бап атауы "Техникалық реттемелер мен стандарттарды әзірлеу" деп а у ы с т ы р ы л с ы н .

7 баптың 2 тармағы келесі мазмұнда жазылсын:

"4 баптың 1 тармағына сәйкес қандай да бір Тарап техникалық

реттемені әзірлеу жұмысының басталуы жайлы ресми ақпаратты жариялаған жағдайда, әзірлеуші Тарап басқа Тараптардың әзірлеу процедурасына қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бұл ереже басқа Тараптардың ұқсас техникалық реттемелер мен стандарттарды әзірлеу хұқығын.

9 баптың 2 тармағы келесі мазмұнда жазылсын:

"Сәйкестікті міндетті түрде дәлелдеу процедураларын белгілеуді, басшылық талаптарына сәйкес, Тараптың құзыретті органы жүзеге асырады".

10 баптың 3 тармағы "ветеринарлық" сөзінен кейін "сонымен қатар экологиялық және радиациялық" сөздерімен толықтырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

14 баптың "Тараптардың мемлекеттік бюджеттерінен бұл мақсаттарға бөлінген қаражаты" сөздері "қаржыландырудың басқа бюджеттік емес көздерінің мүдделі ұйымдарының өзіндік қаражаты" сөздерімен ауыстырылсын.

18 баптың екінші азат жолы алынып тасталсын.

Бұл мәтін 2000 жылғы 20 маусымда Москва қаласында өткізілген ТМД үкіметтері басшыларының Кеңесі мәжілісінде қабылданған Еркін сауда аймағындағы техникалық тосқауылдар жөніндегі келісімнің түпнұсқа көшірмесі болып табылады. Бұл Келісімнің шын данасы ТМД Атқарушы комитетінде сақтаулы.

Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығының Атқарушы
Хатшысы - Атқарушы комитет
Төрағасының орынбасары

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК